

2. Даумова Гүлдана - Әлеуметтік педагог: біздің мектепте жалпы көп балалы, толық емес және аз қамтылған 47 оқушы бар, оның ішінде үйден оқитын -4 оқушымыз бар, инклюзив – 3 оқушы бар, осы оқушыларды қоса отырып, 10 оқушы қатыстырсақ деген ұсынысым бар.

Қамқоршылық кеңес төрайымы және мектеп әкімшілігі әлеуметтік педагогтың ұсынысын дұрыс, талапқа сай етіп қабылдап, бірауыздан аталған 10 баланы қатыстыруға қолдау көрсетті. Әрі қарай да қамқоршылық кеңес ынтымақтастықта жұмыс жасауға, балаларға көрсетіліп жатқан көмекке ризашылықтарын білдірді.

Шешім:

1. Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы №03-04-01.12/3039 хатына сәйкес мектептен қала әкім шыршасының тәттілерін алуға 10 оқушы қамтылсын.
2. Мектептен қала әкімінің шыршасына тәтті сыйлығын алу жөнінде балалар тізімін жазып, сұраныс беру және оны уақытында белгіленген жерге жеткізу Әлеуметтік педагог Г.Даумоваға міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:



Т.Қалиева

Хатшы:



Г.Даумова

27 желтоқсандағы №03-04-01.12/3039 хатына сәйкес мектептен қала әкім шыршасының тәттілерін алуға 10 оқушы қамтылсын.